ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: Жүсіп Аружан Қыдырәліқызы

Таңдау пәні: Көркем еңбек

Сынып: 3 «В»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Түсінік хат

Еңбекке баулу" оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

«Еңбекке баулу» пәні ҚРБҒМ 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрығымен бекітілген (31- қосымша) «Еңбекке баулу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

"Еңбекке баулу" оқу пәні 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) "Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту" бөлімі: қоршаған ортадан өздігінен материалдарды жинау және сұрыптау, сәндік-қолданбалы өнер элементтерін және табиғи формаларды интерпретациялау, өнер, мәдениет пен дәстүр, қоршаған ортаны қорғау туралы білу және түсіну, отандық әртүрлі өнер туындыларын зерделеу, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер элементтерін, тұрмыстық қалдықтарды қолдану арқылы шығармашылық идеяларды дамыту және жүзеге асыру, әртүрлі ақпарат көздерінен деректер іздеу, жұмыс барысын жоспарлау, өзінің жұмыс орнын ұйымдастыруды қарастырады.

2) "Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау" бөлімі: шығармашылық жұмысқа арналған табиғи, жасанды, дәстүрлі емес, материалдарды жинау, сұрыптау, эксперимент жүргізу, қажетті жұмыс техникаларын жетілдіру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау, дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым және күрделенген тәсілдер арқылы материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндер жасау, құрастыру, орындау техникасының қарапайым түрлерімен танысу, ұлттық мәдениеттің элементтері бар шығармашылық жұмыстар жасау, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды қарастырады.

3) "Презентация, талдау және бағалау" бөлімі: презентация, шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы, әдіс - тәсілдерді талдау, әртүрлі өнер туындыларын сипаттау, презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын еркін жеткізу, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалауды қарастырады.

Scanned with CamScanner

«ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІ

3-сынып , аптасына 1 сағат. Барлығы – 34 сағат

«Алматыкітап» баспасы, 2024 жыл.

Н.М. Адамқұлов Т.Б. Байназарова Б.Б. Таранчиева Р.О. Қашқынбаева

№		Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
				1-тоқсан			
1	1	Табиғат – менің үйім	Табиғи материалдар. *Күзгі табиғат көрінісін жасау*	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	3.09.2027	
	2		Өсімдіктер әлемі. *Икебана құрастыру*	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	10.09.2027	
	3		Табиғи материалдар. *Тастан мозаика құрастыру*	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдап, іріктеу; 3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану.	1	17.09.2027	
	4	2. Менің Отаным – Қазақстан	Менің туған ауылым. *Матадан панно жасау*	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну;	1	24.09.2027	
	5		Күншуақты мекенім. *Полиэтиленмен жұмыс істеу*	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	1	1.10.2027	
	6		Қазақстан қалалары. *Сәулетті ғимарат*	3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін	1	8.10.2027	

Scanned with CamScanner

				анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.			
	7		**Шығармашылық жұмыс**	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	**1**	**15.10.2027**	
	8		**Астық – ел дәулеті.** ***Жүк көлігінің макетін жасау***	3.1.3.3 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.4 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	**1**	**22.10.2027**	
				2 тоқсан			
	9	**3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен**	**Атамның ақылы.** ***Жүннен қалпақ жасау***	3.1.1.1 материал түрлерінің қолданылу аясын анықтау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.	**1**	**5.11.2027**	
	10		**Әжемнің оюы.** ***Текемет басу***	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	**1**	**12.11.2027**	
	11		**Әкемнің өнегесі.** ***Былғарыдан қамшы өру***	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).	**1**	**19.11.2027**	
	12		**Анамның алашасы.** ***Жіптен алаша тоқу***	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.	**1**	**26.11.2027**	

Scanned with CamScanner

	13		**Театр өнері** **Беперде** **Музыка өнері** **Домбыра жасау**	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану. 3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;	1	3.12.2027	
	14		**Шығармашылық жұмыс**	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану. 3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;	1	10.12.2027	
	15		**Темірмен істелетін жұмыс.** ***Түймедақ гүлін жасау***	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату; 3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну.	1	17.12.2027	
	16		**Ою-өрнек сыры.** ***Құрақ құрау***	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну.	1	24.12.2027	
				3 тоқсан			
	19	**5. Атадан қалған асыл мұра**	**Қазақ халқының тұрмыс- тіршілігі.** ***Ши тоқу***	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.	1	14.01.2027	
	20		**Ұлттық қолөнер түрлері.** ***Кебеже жасау***	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1	21.01.2027	

Scanned with CamScanner

	21		**Көне жиһаздар.** ***Ағаш төсек жасау***	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	1	28.01.2027	
	22		**Көне көлік түрлері.** ***Арба жасау*** **Көне ыдыс түрлері.** ***Күбі жасау***	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру. 3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту	1	4.02.2027	
	23	**6. Атақты тұлғалар**	**Белгілі тұлғалар.** ***Портрет жақтауын жасау***	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.	1	11.02.2027	
	24		**Тұңғыш сәулетші.** ***Ғимарат жасау***	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	18.02.2027	
	25		**Кәсіби мүсінші.** ***Ағаштан мүсін жасау***	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажыратасың; 3.1.3.3 әртүрлі дерек көздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамытасың; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	25.02.2027	
	26		**Танымал зергер.** ***Сүмоншақта и әшекей жасау***	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну.	1	4.03.2027	
	27		***Шығармашылық жұмыс***	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажыратасың; 3.1.3.3 әртүрлі дерек көздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамытасың; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	11.03.2027	

Scanned with CamScanner

	28		Ісмер тігінші. *Көйлек тігу*	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).	1	18.03.2027	
			4 тоқсан				
	29	7. Бәрін білгім келеді	Табиғаттағы су айналымы. *Фетрмен жұмыс*	3.1.1.1материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).	1	1.04.2027	
	30		Суасты құпиясы. *Аквариумдегі балықтар*	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	8.04.2027	
	31		Роботтар қалашығы. *Робот жасау*	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.	1	15.04.2027	
	32		Ғарыштың тылсым сыры. *Ұшатын тәрелке жасау*	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1	22.04.2027	
	33		Мереке – көңіл қуанышы. *Көгершін жасау* Мәдени демалыс орындары. *Әткеншек жасау*	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану.	1	29.04.2027	
	34		*Шығармашылық жұмыс*	. 3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін	1	6.05.2027	

Scanned with CamScanner

				келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану.			
	35	8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Рухани демалыс мәдениеті. *Құмыра жасау*	3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.	1	13.05.2027	
	36		Отбасылық мерекелер. *Гүл жасау*	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.	1	20.05.2027	

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Еңбекке баулу, «Алматыкітап» баспасы	
Бөлім:	*«Менің Отаным – Қазақстан»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	01.10.2026ж	
Сынып: 3 В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***5-сабақ: «Күншуақты мекенім. Полиэтиленмен жұмыс істеу»***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	
Сабақтың мақсаты	• дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдарды ажыратады; • полиэтиленнің жұқа, молдір, жеңіл, иілгіш сияқты қасиеттерін зерттейді; • полиэтиленнің күнделікті өмірдегі қолданылу салаларын анықтайды; • полиэтилен қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін түсіндіреді; • полиэтилен пакетті қайта пайдалану арқылы шығармашылық бұйым жасау жолын меңгереді; • өлшеу, жолақтап қию, байлау, біріктіру және безендіру тәсілдерін қолданып «Күншуақты мекенім» жұмысын орындайды; • қайшымен және желіммен қауіпсіз жұмыс істейді.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, табиғатты қорғау, экологиялық жауапкершілік, еңбекқорлық, шығармашылық және ұқыптылық. Оқушыларды туған жерінің табиғатын аялауға, полиэтилен қалдықтарын кез келген жерге тастамауға, пайдаланылған материалдарды шығармашылық мақсатта қайта қолдануға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	Мұғалім әр оқушыға «10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағын таратады. Әр бағаланатын тапсырмадан кейін мұғалім дескриптор бойынша балын айтады, оқушы парағына белгілеп отырады. **«Материалды таны»** ойыны. Қағаз, мата, ағаш, ермексаз және полиэтилен пакет үлгілерін көрсетеді. «Қай материалдармен бұрын жұмыс істедіңдер? Полиэтиленнің олардан қандай айырмашылығы бар?» деп сұрайды.	«10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағымен танысады. Материалдарды атайды. Полиэтиленді басқа материалдардан ажыратады. **Дескриптор:** дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдарға мысал келтіріп, полиэтиленді дұрыс анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Материалды таны».** **Саралау – ресурс бойынша:** материалдардың нақты үлгілері ұсынылады.	Қағаз, мата, ермексаз, полиэтилен; бағалау парағы
Сабақтың ортасы	**«Полиэтилен зертханасы».** Полиэтилен пакетті ұстап,	Полиэтиленді ұстап, бүктеп, жарыққа қаратып	**ҚБ: «Полиэтилен зертханасы».**	Оқулық, 20-бет; таза

Scanned with CamScanner

Түсіну (6 мин)	жарыққа қаратып, бүктеп көруді ұсынады. Оқулықтағы анықтамамен байланыстырады: полиэтилен – **жұқа, мөлдір, жарық өткізетін әрі жеңіл материал**. «Оны қай жерде қолданамыз?» деп сұрайды.	зерттейді. Қасиеттерін атайды. Пакет, бөтелке және басқа пластик бұйымдарға мысал келтіреді. **Дескриптор:** полиэтиленнің кемінде үш қасиетін анықтайды – **0,5 балл**; қолданылуына кемінде екі мысал келтіреді – **0,5 балл. Барлығы – 1 балл.**	**Саралау – тәжірибе арқылы.**	полиэтилен пакет
Талдау (10 мин)	Оқулықтың 20-бетіндегі ескертуге назар аудартады: далада жатқан полиэтилен пакеттер қоршаған ортаға зиян келтіреді, өйткені одан улы зат бөлінуі мүмкін. «Полиэтиленді қалай дұрыс қолдануымыз керек?» деп талқылатады.	Полиэтиленді кез келген жерге тастамау, қоқысты сұрыптау және мүмкіндігінше қайта пайдалану туралы айтады. **Дескриптор:** полиэтилен қалдығының қоршаған ортаға зиянын түсіндіріп, оны азайтудың бір жолын ұсынады – **1 балл.**	**ҚБ: «Табиғатқа пайдалы кеңес».** **Саралау – диалог бойынша.**	Оқулық, 20-бет
	«ЖИ экокеңесші қателесті!» ЖИ атынан: *«Полиэтилен пакетті пайдаланған соң далаға тастауға болады, ол табиғатта тез жоғалып кетеді»* деген пікір ұсынады. «ЖИ-дің кеңесі дұрыс па?» деп сұрайды.	ЖИ пікірін оқулықтағы ескертумен салыстырады. Полиэтиленді далаға тастауға болмайтынын, оны қайта пайдалану немесе арнайы қоқысқа тастау керектігін айтады. **Дескриптор:** ЖИ қатесін анықтап, экологиялық тұрғыдан дұрыс әрекетті ұсынады – **1 балл.**	**ҚБ: «ЖИ-ге экокеңес».** **Саралау – нәтиже бойынша:** қатені анықтаудан себебін түсіндіруге дейін.	ChatGPT
Қолдану (8 мин)	20-беттегі полиэтиленнен жасалған **гүл, балықтар және киім үлгілерін** көрсетеді. «Бір материалдан осындай әртүрлі бұйымдарды қалай жасауға болады? Полиэтиленнің қандай қасиеті оған мүмкіндік береді?» деп сұрайды.	Шығармашылық жұмыстарды бақылайды. Полиэтиленнің жұмсақ, иілгіш, жеңіл болғандықтан әртүрлі пішінге келтіруге болатынын анықтайды. **Дескриптор:** полиэтиленнің қасиетін шығармашылық жұмыста қолдану мүмкіндігімен	**ҚБ: «Материалдың мүмкіндігі».** **Саралау – визуалды қолдау арқылы.**	Оқулық, 20-бет

Scanned with CamScanner

		байланыстырады – **1 балл.**		
	«Күнді қалай жасаймыз?» Оқулықтың 21-бетіндегі жұмыс кезеңдерін аралас ретпен көрсетеді: жолақ қию, ұзын таспа дайындау, жолақтарды байлау, екі ұшын біріктіру, көз-аузын жапсыру, таяқша орнату. Дұрыс ретке келтіруді ұсынады. Қажетті құралдарды анықтатады: **сары полиэтилен пакет, қайшы, желім, таяқша, жеңіл сәндік материалдар, қыстырғыш.**	Жұмыс кезеңдерін дұрыс ретке орналастырады. Қажетті материалдар мен құралдарды дайындайды. Қайшымен жұмыс қауіпсіздігін еске түсіреді. **Дескриптор:** шығармашылық жұмыстың орындалу ретін дұрыс анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Шебердің жоспары».** **Саралау – ресурс бойынша:** кезең суреттері пайдаланылады.	Оқулық, 21-бет; құралдар
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	**Практикалық жұмыс «Күншуақты мекенім».** Оқулықтағы орындалу ретін сақтайды: **1)** сары полиэтилен пакеттен ені шамамен **2 см** таспалар қию; **2)** ұзын таспаға екіге бүктелген қысқа таспаларды шалып байлау; **3)** ұзын таспаның екі ұшын біріктіріп байлау; **4)** екі жағынан дөңгелек/сопақша көз бен ауыз элементтерін желімдеу; **5)** арасына таяқша орнату; **6)** пішінді түзетіп, күн сәулелерін біркелкі тарату. Қайшымен қауіпсіз жұмыс істеуді бақылайды.	Полиэтиленді өлшеп, жолақтап қияды. Қысқа таспаларды ұзын таспаға байлайды. Екі ұшын біріктіріп, дөңгелек күн пішінін жасайды. Көз-аузын қосып, таяқша орнатады. **Дескриптор:** полиэтиленді біркелкі жолақтарға қию техникасын дұрыс қолданады – **1 балл;** жолақтарды байлап, біріктіру арқылы күннің негізгі пішінін жасайды – **1 балл;** бөлшектерін ұқыпты орналастырып, шығармашылық жұмысын аяқтайды – **1 балл.** **Барлығы – 3 балл.**	**ҚБ: «Шебердің үш қадамы».** **Саралау – тапсырма бойынша:** мұғалім көмегімен байлаудан жұмысты өздігінен орындауға дейін.	Оқулық, 21-бет; сары полиэтилен пакет, қайшы, желім, таяқша, қыстырғыш
Сабақтың соңы (5 мин) **Бағалау**	**«Күншуақты галерея»** ұйымдастырады. «Полиэтиленнің қандай қасиеті жұмысыңды жасауға көмектесті? Қандай техникаларды қолдандың? Пайдаланылған полиэтиленге екінші өмір бердік деп айтуға бола ма?» деп сұрайды.	Жұмысын таныстырады. Полиэтиленнің қасиеті мен қолданған тәсілдерін түсіндіреді. **Дескриптор:** полиэтиленнің бір қасиетін және қолданған жұмыс техникасын дұрыс түсіндіреді – **1 балл.**	**ҚБ: «Күншуақты галерея».** **Саралау – қарым-қатынас формалары бойынша.**	Дайын жұмыстар
	Оқулықтағы **«Жұмыс барысында қандай**	Сабақтағы қиындығын және үйренген жаңа	**ҚБ: «10 балдық шығармашылық**	Бағалау парағы

Scanned with CamScanner

	қиындықтар кездесті?», «Енді мен ... білемін» сұрақтары арқылы рефлексия жасайды. Бағалау парағындағы балдарды есептетеді.	дағдысын айтады. Балдарын қосып, __/10 нәтижесін шығарады.	**қоржын».** Қосымша балл берілмейді.	
Үйге тапсырма (1 мин)	Оқулықтағы келесі сабаққа дайындық тапсырмасына сәйкес **тіктөртбұрыш пішінді жұқа пластик материал, қатырғықағаз, қайшы, сызғыш және қарындаш** дайындап келуді ескертеді.	Келесі сабаққа қажетті материалдарды дайындайды.	Бағаланбайды.	

Сабақтағы 10 балдың бөлінуі

№	Бағаланатын тапсырма	Балл
1	«Материалды таны»	**1**
2	«Полиэтилен зертханасы»	**1**
3	«Табиғатқа пайдалы кеңес»	**1**
4	«ЖИ-ге экокеңес»	**1**
5	«Материалдың мүмкіндігі»	**1**
6	«Шебердің жоспары»	**1**
7	«Шебердің үш қадамы»	**3**
8	«Күншуақты галерея»	**1**
	Барлығы	**10 балл**

ҚБ әдістерін қолдану бойынша түсіндірме

«Материалды таны» – мұғалім қағаз, мата, ермексаз, ағаш және полиэтилен сияқты материалдарды көрсетеді. Оқушы олардың атауын айтып, полиэтиленді басқа материалдардан ажыратады.

«Полиэтилен зертханасы» – оқушы таза полиэтилен пакетті қолымен ұстап, бүктеп, жарыққа қаратып көреді. Осы тәжірибе арқылы оның **жұқа, жеңіл, иілгіш, мөлдір немесе жарық өткізетін** қасиеттерін анықтайды.

«Табиғатқа пайдалы кеңес» – оқушы полиэтиленді кез келген жерге тастаудың неге дұрыс еместігін түсіндіріп, бір шешім ұсынады. Мысалы: *«Пакетті қайта қолдануға болады», «Арнайы қоқыс жәшігіне тастау керек».*

«ЖИ-ге экокеңес» – ЖИ полиэтилен қалдықтарына қатысты әдейі қате пікір айтады. Оқушы оқулықтағы ақпаратпен салыстырып, қатені түзетеді. Мұнда ЖИ дайын жауап бермейді, керісінше оқушы **ЖИ жауабын тексеруші** рөлінде болады.

«Материалдың мүмкіндігі» – оқулықтың 20-бетіндегі полиэтиленнен жасалған гүл, балық және киім үлгілеріне қарап, оқушы бір материалды шығармашылық жұмыста әртүрлі қолдануға болатынын түсіндіреді.

«Шебердің жоспары» – практикалық жұмыс басталмай тұрып кезеңдер суреттері аралас беріледі. Оқушы оларды **қию → байлау → біріктіру → безендіру** ретіне келтіреді. Бұл 3.2.1.3 оқу мақсаты бойынша жұмыс техникасын саналы меңгеруге көмектеседі.

Scanned with CamScanner

«Шебердің үш қадамы» – негізгі практикалық жұмыс үш бағытпен бағаланады: **1) полиэтиленді жолақтап қию; 2) жолақтарды байлау және біріктіріп күн пішінін жасау; 3) бөлшектерді қосып, жұмысты ұқыпты аяқтау.** Әрқайсысына **1 баллдан**, барлығы **3 балл** беріледі.

«Күншуақты галерея» – дайын жұмыстар көрмеге қойылады. Оқушы *«Полиэтиленнің қандай қасиетін пайдаландым? Қандай тәсілмен жасадым?»* деген сұрақтарға жауап береді.

«10 балдық шығармашылық қоржын» – сабақ басында әр оқушыға бағалау парағы таратылады. Әр тапсырмадан кейін мұғалім дескриптор бойынша балын айтады, оқушы оны парағына белгілейді. Сабақ соңында балдар қосылып, **__/10** нәтижесі шығарылады.

Осы ҚМЖ-да оқулықтың **20–21-беттеріндегі мазмұн толық қамтылды:** полиэтиленнің қасиеті мен қолданылуы, оның қоршаған ортаға әсері, полиэтиленнен жасалған шығармашылық бұйымдар және сары полиэтилен пакеттен **«Күншуақты мекенім»** жұмысын кезең-кезеңімен жасау.

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Еңбекке баулу, «Алматыкітап» баспасы	
Бөлім:	*Менің Отаным – Қазақстан*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	08.10.2026ж	
Сынып: 3 В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***6-сабақ: Қазақстан қалалары. Сәулетті ғимарат***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.	
Сабақтың мақсаты	• сәулет өнері және сәулетті ғимарат туралы түсінік қалыптастырады; • Қазақстан қалаларындағы сәулетті ғимараттардың пішіні мен сыртқы ерекшеліктерін зерттейді; • оқулық, фотосурет және АКТ арқылы алынған ақпараттарды шығармашылық идея әзірлеуде қолданады; • бірнеше сәулет нысанын салыстырып, өз жұмысына қажетті идеяларды іріктейді; • болашақ ғимаратының қарапайым эскизін жасайды; • шығармашылық жұмыстың орындалу кезеңдерін анықтап, дұрыс ретпен жоспарлайды; • жоспарға сүйеніп, қатырғықағаздан сәулетті ғимарат моделін құрастырады; • бастапқы идеясы мен дайын жұмысын салыстырып, нәтижесін түсіндіреді.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, туған елге құрмет, шығармашылық, жауапкершілік, еңбеккорлық және ұқыптылық. Қазақстан қалаларының сәулеттік келбетіне қызығушылық танытуға, сәулетшілер еңбегін бағалауға, шығармашылық жұмысты алдын ала жоспарлап, жауапкершілікпен орындауға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	**Сабақ басталғанда:** әр оқушыға **«10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағы** таратылады. Әр бағаланатын тапсырмадан кейін мұғалім дескриптор бойынша балын айтады, оқушы парағына белгілеп отырады. **«Ғимаратты таны»** әдісі. Қазақстан қалаларындағы бірнеше ғимараттың фотосуретін көрсетеді. «Бұл нысандардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Ғимараттың сәулетті екенін	«10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағымен танысады. Ғимараттарды бақылайды. Пішіні, биіктігі, терезелері, сыртқы безендірілуі бойынша ерекшеліктерін атайды. **Дескриптор:** сәулетті ғимараттың кемінде екі сыртқы ерекшелігін анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Мадақтау».** **Саралау – визуалды қолдау бойынша.**	Қазақстан қалаларындағы ғимараттардың суреттері   бағалау парағы

Scanned with CamScanner

	неден байқауға болады?» деп сұрайды. Сабақ тақырыбын ашады.			
Түсіну (6 мин)	**«Сәулетшінің міндеті»** Оқулықтың 22-бетіндегі анықтаманы талдатады. «Ғимарат бірден салына ма? Оны салудан бұрын не істеу қажет?» деп сұрайды.	Сәулет өнерінің құрылысқа дейінгі жобалау және ғимаратқа көркемдік бейне беру әрекетімен байланысты екенін түсіндіреді. **Дескриптор:** сәулет өнерінің мәнін және алдын ала жобалаудың қажеттілігін түсіндіреді – **1 балл**.	**ҚБ: «Бірауыз сөз».**	Оқулық, 22-бет
Сабақтың ортасы **Қолдану** (5 мин)	**«Сәулет іздеушілері».** АКТ қолдана отырып, алдын ала дайындалған 3–4 Қазақстан сәулет нысанының фотосуреттерін/қысқа ақпараттарын көрсетеді. Оқулықтағы нысандармен салыстыруды ұсынады. «Қай ғимараттың пішіні саған қызық? Қай бөлігін өз идеяңа қолдануға болады?» деп сұрайды.	Оқулық, экрандағы фотосуреттер және қысқа ақпараттарды зерттейді. Ұнаған нысаннан пішін, терезе, шатыр немесе безендіру идеясын таңдайды. **Дескриптор:** кемінде екі дереккөздегі ақпаратты зерттеп, шығармашылық жұмысына қолданатын бір идеяны іріктейді – **1 балл**.	**ҚБ: «Критерийлік бағалау».** **Саралау – ақпарат көзі бойынша:** фотосурет, оқулық немесе қысқа цифрлық материал.	Оқулық, 22-бет; интерактивті тақта/планшет, фотосуреттер    
Талдау (10 мин)	**«ЖИ сәулетші асығып кетті!»** ЖИ атынан: *«Ғимарат жасау үшін эскиз бен жоспардың қажеті жоқ. Қатырғықағазды бірден қиып, ойымызға келген жерден жапсыра береміз»* деген ұсыныс береді. «Осы тәсілмен сапалы модель жасауға бола ма?» деп сұрайды.	ЖИ кеңесін талдайды. Алдымен идеяны анықтау, эскиз жасау, материал таңдау және жұмыс ретін жоспарлау қажет екенін түсіндіреді. **Дескриптор:** жоспарлауға қатысты қателі анықтап, шығармашылық жұмыстың дұрыс бастапқы кезеңдерін ұсынады – **1 балл.**	**ҚБ: «Бақыла да айт».** **Саралау – нәтиже бойынша.**	ChatGPT/ЖИ жауабы 


Scanned with CamScanner

	«Құрылыстың ретін тап». Оқулықтың 22-бетіндегі құрылыс кезеңдері бейнеленген суреттерді араластырып ұсынады. «Қай әрекет бірінші, қайсысы кейін орындалады?» деп сұрайды.	Құрылыс кезеңдерін логикалық ретпен орналастырады. Жоспарлаудың жұмыстың нәтижесіне әсерін түсінеді. **Дескриптор:** құрылыс жұмысының негізгі кезеңдерін дұрыс ретпен анықтайды – **1 балл**.	**ҚБ: «Мадақтау».** **Саралау – ресурс бойынша:** кезеңдердің суреттері беріледі.	Оқулық, 22-бет; кезең карточкалары
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	**«Мен – сәулетшімін!»** Болашақ ғимараттың эскизін жасауды ұсынады. Эскизде негізгі пішін, терезелер, есік және ерекше сәндік элемент болуы керектігін айтады. Содан кейін 4 қадамнан тұратын жеке жұмыс жоспарын жаздырады/карточкамен құрастыртады: **материал дайындау → негізгі пішінді жасау → бөлшектерді құрастыру → безендіру және тексеру.**	Зерттеген сәулет нысандарынан алған идеясын пайдаланып, өз ғимаратының қарапайым эскизін салады. Жұмыс кезеңдерін жоспарлайды. **Дескриптор:** дереккөзден алған идеяны пайдаланып, түсінікті эскиз жасайды – **1 балл**; шығармашылық жұмыстың кезеңдерін логикалық ретпен жоспарлайды – **1 балл**. **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».** **Саралау – таңдау бойынша:** ғимараттың пішіні мен безендірілуін өзі таңдайды.	Эскиз парағы, қарындаш, жоспар карточкасы
Қауіпсіздік	Оқулықтың 23-бетіндегі ескертуді басшылыққа алып, қайшымен жұмыс қауіпсіздігін қайталатады. **Тіс шұқығышты қолданғанда көзге жақындатпауға** ерекше назар аудартады.	Қайшыны сабымен беру, үшкір құралды бетке жақындатпау, жұмыс орнын таза ұстау ережелерін қайталайды.	**ҚБ: «Шапалақтау».** Қосымша балл қойылмайды.	Қайшы, құралдар
Жасау	**Практикалық жұмыс «Менің сәулетті ғимаратым».** Оқулықтағы техниканы сақтай отырып, оны оқушының жеке эскизімен байланыстырады: **1)** қатырғықағазды таңдап, эскизге сәйкес негізгі өлшемдерді белгілеу; **2)** шетінен шамамен 2 см қалдырып бағыттаушы сызық түсіру; **3)** терезе/құрылымдық тіліктердің орнын сызғышпен белгілеу; **4)** қажетті сызықтарды қайшымен мұқият өңдеу және белгіленген жерлерді қию; **5)** қатырғықағазды жоспарланған	Эскизі мен жоспарына сүйенеді. Қатырғықағазды өлшеп, белгілейді, қияды және бүктейді. Пластик бөлшекті құрылымға енгізеді. Модельдің тұрақтылығын тексеріп, бастапқы идеясына сәйкес безендіреді. **Дескриптор:** жоспарланған жұмыс кезеңдерін сақтап, материалдар мен	**ҚБ: «Критерийлік бағалау».** **Саралау – тапсырма бойынша:** дайын белгіленген қатырғықағаздан өзіндік эскизге сай модель жасауға дейін.	Оқулық, 23-бет; қатырғықағаз, жұқа пластик материал, қайшы, сызғыш, қарындаш, тісшұқығыш

Scanned with CamScanner

	пішінге келтіріп бүктеу; **6)** жұқа пластик материалды дөңгелектеп немесе иіп, белгіленген тіліктер арасынан өткізу; **7)** ғимарат құрылымының тұрақтылығын тексеру; **8)** эскизге сәйкес сыртқы көрінісін толықтыру. Мұғалім оқушыға өз жоспарын кезең сайын тексеруді ескертеді.	құралдарды дұрыс қолданады – **1 балл**; эскиздегі шығармашылық идеясын дайын модельде жүзеге асырады – **1 балл**. **Барлығы – 2 балл.**		
Бағалау (4 мин)	**«Сәулетшілер көрмесін»** ұйымдастырады. «Қай дереккөз саған идея берді? Эскизің мен дайын ғимаратың қаншалықты ұқсас? Жоспардың қай кезеңі маңызды болды?» деп сұрайды.	Моделін таныстырады. Қай ақпарат көзінен қандай идея алғанын және жоспар бойынша қалай жұмыс істегенін түсіндіреді. Бұл кезең қорытынды таныстырылым ретінде өткізіледі. **Дескриптор:** ақпарат пен жоспар қалай көмектескені жөнінде айтып, моделін таныстырады – **1 балл**	**ҚБ: «Өзін-өзі бағалау».**	Дайын жұмыстар, эскиздер
Сабақтың соңы (4 мин) ***Кері байланыс***	**«10 балдық шығармашылық қоржын»** арқылы қорытындылайды. «Ақпарат іздеу саған қалай көмектесті? Жұмысты алдын ала жоспарлаудың қандай пайдасы болды?» деп рефлексия жүргізеді.	Балдарын қосып, __/10 нәтижесін шығарады. Ақпарат пен жоспардың шығармашылық жұмысқа қалай көмектескенін бір сөйлеммен түсіндіреді.	**ҚБ: «10 балдық шығармашылық қоржын».**	Бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Менің қаламдағы сәулет»** тапсырмасын береді. Интернеттен, кітаптан, фотосуреттен немесе басқа қолжетімді дереккөзден Қазақстан қалаларындағы өзіне ұнаған **бір сәулетті ғимаратты** тауып, оның пішіні мен сыртқы ерекшеліктерін зерттеуді тапсырады. Сол ғимараттан өзіне ұнаған **бір сәулеттік идеяны** анықтап, оны болашақ шығармашылық жұмыста қалай қолдануға болатынын ойластыруды ұсынады.	Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, Қазақстандағы бір сәулетті ғимаратты зерттейді. Ғимараттың **атауын, орналасқан қаласын, пішіні мен бір ерекше белгісін** анықтайды. Өзіне ұнаған бір сәулеттік идеяны таңдап, оны шығармашылық жұмыста қалай қолдануға болатынын ойластырады.		

Scanned with CamScanner










Сабақтағы 10 балдың бөлінуі

№	Бағаланатын тапсырма	Балл

Scanned with CamScanner

№	Бағаланатын тапсырма	Балл
1	«Ғимаратты таны»	1
2	«Сәулетшінің міндеті»	1
3	«Сәулет іздеушілері»	1
4	«ЖИ-те сәулетші кеңесі»	1
5	«Құрылыстың ретін тап»	1
6	«Сәулетшінің жобасы» («Мен сәулетшімін»)	2
7	«Жоспардан – ғимаратқа» («Менің сәулетті ғимаратым»)	2
8	Қорытынды: «Ақпарат пен жоспар маған қалай көмектесті?»	1
	Барлығы	**10 балл**

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Еңбекке баулу, «Алматыкітап» баспасы	
Бөлім:	*«Табиғат – менің үйім», «Менің Отаным – Қазақстан»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	15.10.2026ж	
Сынып: 3 В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***7-сабақ: шығармашылық жұмыс***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	
Сабақтың мақсаты	• Қазақстан қалаларындағы сәулет нысандарынан алынған шығармашылық идеяларды салыстырады; • сәулет нысанының пішіні, құрылымы мен сыртқы безендірілуін зерттейді; • бірнеше идеяның ішінен шығармашылық жұмысына тиімді шешімді таңдайды; • болашақ сәулет нысанының эскизін жасап, құрылымын жоспарлайды; • ұлттық сәндік-қолданбалы өнер элементтерін сәулет моделінде қолдану жолын ұсынады; • таза әрі қауіпсіз қалдық материалдарды таңдап, олардың мүмкіндігін шығармашылық жұмыста пайдаланады; қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өзіндік сәулеттік және сәндік шешімі бар көлемді модель жасайды.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, ұлттық мәдениетке құрмет, еңбекқорлық, экологиялық жауапкершілік, шығармашылық, ұқыптылық. Қазақстанның сәулет өнерін бағалауға, ұлттық сәндік элементтерді құрметтеуге, қалдық материалдарды қайта пайдалану арқылы қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	*Педагогтің әрекеті*	*Оқушының әрекеті*	*Бағалау*	*Ресурстар*
Сабақтың басы ***Ұйымдастыру*** (2 мин)	Амандасып, жұмыс орнын ұйымдастырады. **«Қауіпсіз шеберхана»** арқылы қайшы, желім және қалдық материалдармен жұмыс ережелерін еске түсіреді: тек таза әрі қауіпсіз материалды қолдану; өткір, лас, белгісіз қалдықтарды пайдаланбау; қайшыны дұрыс ұстау; жұмыс орнын таза сақтау.	Жұмыс орнын дайындайды. Қалдық материалдармен және құралдармен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді.	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім дұрыс аталған қауіпсіздік ережелерін нақтылап, қажет жерде толықтырады. **Саралау – ресурс бойынша:** қауіпсіз/қауіпті әрекеттер бейнеленген карточкалар визуалды тірек	Қауіпсіздік карточкалары, материалдар

Scanned with CamScanner

			болады.	
Үй тапсырмасын тексеру (5 мин)	**«Сәулеттік идеялар қоржыны»** арқылы «Менің қаламдағы сәулет» тапсырмасын тексереді. 2–3 оқушы зерттеген ғимаратының атауын, пішіні мен ерекше белгісін таныстырады және одан алған **бір сәулеттік идеясын** айтады. Қалған оқушылар жұпта идеяларын салыстырады.	Зерттеген сәулет нысанын қысқаша таныстырады. Өзіне ұнаған бір сәулеттік шешімді анықтап, оны шығармашылық жұмысында қалай өзгертіп қолдануға болатынын айтады.	**ҚБ: өзара бағалау.** Жұптар бір-бірінің идеясын тыңдап, шығармашылық жұмысқа қолдануға болатын сәтті шешімін атайды. **Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушыға «Қандай пішін ұнады? Нені өз жұмысыңа алар едің?» деген тірек сұрақтар беріледі.	Үй тапсырмасы, ғимарат фотосуреттері
Сабақтың ортасы **Білу** (3 мин)	**«Материалға екінші өмір»** тапсырмасын өткізеді. Таза қорапша, қағаз түтікше, қатырғықағаз қиындысы, пластик қақпақ тәрізді қауіпсіз материалдарды көрсетіп, қайсысын сәулет моделінің қандай бөлігіне пайдалануға болатынын сұрайды.	Қалдық материалдарды таниды және оларды модельдің негізі, қабырғасы, мұнарасы, шатыры немесе сәндік бөлшегі ретінде қолдану мүмкіндігін атайды. **Дескриптор:** қалдық материалдың шығармашылық жұмыста қолданылу мүмкіндігін анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Басбармақ».** Оқушылар ұсыныстың қауіпсіз әрі орынды қолданылуына 👍/👎 арқылы жауап береді, мұғалім нақтылайды. **Саралау – ресурс бойынша:** нақты материал үлгілері оқушының таңдауына тірек болады.	Таза қорапша, түтікше, қатырғықағаз, қақпақтар
Түсіну (4 мин)	**«Ұлттық белгі қайда жарасады?»** тапсырмасын ұйымдастырады. Қарапайым ою-өрнек элементтері мен бірнеше шартты ғимарат пішінін көрсетеді. Ұлттық элементті есік, маңдайша, қабырға жолағы, шатыр жиегі сияқты бөліктерге орналастыру жолдарын талқылатады.	Ұлттық сәндік элементтің сәулет моделінде қолданылу жолдарын анықтайды. Оның ғимараттың қай бөлігіне үйлесімді орналасатынын түсіндіреді. **Дескриптор:** сәндік-қолданбалы өнер элементін шығармашылық идеяда қолданудың бір жолын ұсынады – **1 балл.**	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім ұсыныстың модель құрылымымен үйлесімділігіне қысқа пікір береді. **Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушы дайын нұсқадан таңдайды, дайын оқушы өзіндік орналастыру жолын ұсынады.	Ою-өрнек үлгілері, ғимарат бейнелері
Қолдану (4 мин)	**«Бір материал – бір құрылым»** шағын тәжірибесін өткізеді. Оқушыларға бір қалдық	Бір қауіпсіз қалдық материалды таңдап, оны өңдеу арқылы сәулет моделінің шағын	**ҚБ: дескриптор бойынша ауызша кері байланыс.** Мұғалім қауіпсіз	Қалдық материалдар, қайшы, желім

Scanned with CamScanner

	материалды таңдап, оны қию, бүктеу, орау немесе біріктіру арқылы модельге жарайтын бір көлемді бөлшекке айналдыруды ұсынады. Қауіпсіздік ережесінің сақталуын бақылайды.	құрылымдық бөлшегін жасайды. **Дескриптор:** қалдық материалды қауіпсіз өңдейді – **1 балл;** материалды құрылымдық бөлшекке айналдырады – **1 балл. Барлығы – 2 балл.**	және дұрыс орындалған әрекетті атап, қажет болса бір түзету береді. **Саралау – жеке қолдау көрсету арқылы:** қажет оқушыға қарапайым өңдеу тәсілі көрсетіледі, дайын оқушы бірнеше тәсілді үйлестіреді.	
Талдау (4 мин)	**«Үш идеяның бірін таңда»** тапсырмасын береді. Үш шартты идеяны ұсынады: **1)** биік мұнаралы мәдениет орталығы; **2)** ұлттық өрнекті экологиялық мектеп; **3)** күмбезді шығармашылық орталық. Оларды **жасалу мүмкіндігі, материалға сәйкестігі және сәндік безендірілуі** бойынша салыстыруды ұсынады. Оқушыға өз идеясын да ұсынуға мүмкіндік береді.	Идеяларды салыстырады. Қай нұсқаны немесе өзінің қандай идеясын жүзеге асыру тиімді екенін анықтайды. **Дескриптор:** шығармашылық идеяларды салыстырып, тиімді шешім туралы қорытынды жасайды – **2 балл.**	**ҚБ: жұптық тексеру.** Оқушылар таңдауларын жұбымен салыстырып, бір-бірінің дәлелін тыңдайды. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** бір оқушы тиімді нұсқаны таңдайды, дайын оқушы таңдауды материал мен құрылым ерекшелігі арқылы негіздейді.	Идея карточкалары 
Бағалау (3 мин)	**«Сәулетшінің эскизі»** тапсырмасын береді. Үй тапсырмасындағы және жаңа идеяларды салыстыру нәтижесіне сүйеніп, болашақ моделінің шағын эскизін жасатады. Эскизде **негізгі пішін, материал және ұлттық сәндік элементтің орны** белгіленуін сұрайды.	Идеяларды саралап, қорытынды шешім қабылдайды. Моделінің эскизін жасап, қолданатын материалдары мен ұлттық элементтің орнын белгілейді. **Дескриптор:** салыстыру қорытындысына сүйеніп, шығармашылық жұмысының эскизін анықтайды – **2 балл.**	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім эскиз бен таңдалған материалдардың сәйкестігіне бір нақты пікір береді. **Саралау – дербестік пен жауапкершілік бойынша:** оқушы соңғы идеяны, материалдарды және сәндік шешімді өзі таңдайды.	Эскиз парағы, қарындаш
Жасау (14 мин)	**«Болашақтың ұлттық сәулет нысаны»** шығармашылық жұмысын ұйымдастырады. Дайын үлгі бермейді. Жұмыс бағытын ұсынады: **негізді**	Эскизі бойынша қауіпсіз қалдық материалдарды таңдайды. Оларды өңдеп, біріктіріп, көлемді сәулет моделін жасайды. Ұлттық сәндік элементті өзіндік	**ҚБ: дескриптор бойынша мұғалімнің кері байланысы.** Мұғалім қауіпсіздік пен шығармашылық	Қауіпсіз қалдық материалдар, қатырғықағаз, қағаз,

Scanned with CamScanner

	дайындау → негізгі көлемдерді орналастыру → қалдық материалдарды өңдеп біріктіру → құрылымды бекіту → ұлттық сәндік элементті енгізу → бөлшектермен толықтыру → қауіпсіздігі мен орнықтылығын тексеру.	шешіммен қолданады және жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. **Дескриптор:** қалдық материалдармен қауіпсіз жұмыс істейді – **1 балл;** эскизге сәйкес көлемді құрылым құрастырады – **2 балл;** сәндік-қолданбалы өнер элементін орынды қолданады – **1 балл;** өзіндік сәулеттік шешімі бар шығармашылық өнім жасайды – **2 балл.** **Барлығы – 6 балл.**	шешімнің бір сәтті тұсын атап, қажет болса бір нақты ұсыныс береді. **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы материалын, нысанның пішінін және ұлттық сәндік элементін өзі таңдайды; қажет оқушыға қарапайым құрылымдық схема беріледі.	қайшы, желім, сызғыш
Сабақтың соңы ***Кері байланыс, қорытынды*** (4 мин)	**«Идеядан – модельге»** рефлексиясын өткізеді. **«Бастапқыда мен ... идеясын қарастырдым», «Мен ... идеясын таңдадым, себебі...», «Ұлттық элементті ... қолдандым»** сөйлемдерінің бірін толықтыруды ұсынады. Жинаған балдарын есептетіп, **__/10** нәтижесін шығарады.	Шығармашылық шешімінің қалай қалыптасқанын түсіндіреді. Эскизі мен дайын моделін салыстырып, таңдаған материалдары мен ұлттық элементі туралы айтады. Жинаған балдарын есептейді.	**ҚБ: өзін-өзі бағалау.** Оқушы дескрипторлар мен жинаған балдарына сүйеніп, жұмыс нәтижесін бағалайды. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** оқушы ойын қысқа немесе толық дәлелмен жеткізе алады.	Дайын жұмыстар, эскиздер, бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Моделіме екінші көзқарас»** тапсырмасын береді. Дайын моделін үйде қарап, **оның құрылымы, материал таңдауы немесе ұлттық безендірілуінің біреуін жақсартатын бір ұсыныс** ойластыруды тапсырады. Жаңа модель жасаудың қажеті жоқ екенін ескертеді.	Дайын моделін қайта қарап, оның бір бөлігін жақсартуға арналған нақты бір ұсыныс ойластырады. Келесі сабақта ұсынысын түсіндіруге дайындалады.	**ҚБ жүргізілмейді.** **Саралау – дербестік пен жауапкершілік бойынша:** оқушы қай бөлікті жетілдіретінін өзі таңдайды.	Дайын модель

14 балдың бөлінуі

№	Блум кезеңі	Балл
1	Білу	1
2	Түсіну	1
3	Қолдану	2
4	Талдау	2

Scanned with CamScanner

	Бағалау	2
	Жасау	6
	Барлығы	14

Үш идеяның бірін таңда

1. Биік мұнаралы мәдениет орталығы



2. Ұлттық өрнекті экологиялық мектеп



3. Күмбезді шығармашылық орталық



Жасалу мүмкіндігі



Материалға сәйкестігі

Сәндік безендірілуі

Салыстыр. Бір идеясын таңда!

Scanned with CamScanner